

**"Куәландырушы орталықтың үлгілік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1184
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 335/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 қыркүйекте № 21206 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Куәландырушы орталықтың үлгілік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1184 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12889 болып тіркелген, 2016 жылғы 1 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Куәландырушы орталықтың үлгілік ережесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми-жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрі
2020 жылғы 14 қыркүйегі
№ 335/НҚ бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 1184 бұйрығымен
бекітілген

Куәландырушы орталықтың үлгілік ережесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Куәландырушы орталықтың үлгілік ережесі (бұдан әрі – Ереже) "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 5-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес өзірленді және куәландырушы орталықтың негізгі міндептерін, функцияларын және қызметінің тоқтатылуын айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) куәландырушы орталық – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің анықтығын растайтын заңды тұлға;

2) тіркеу куәлігі – куәландырушы орталық электрондық цифрлық қолтаңбаның осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін беретін электрондық құжат;

3) электрондық құжат айналымы жүйесі (бұдан әрі – ЭҚЖ) – қатысуышылары арасындағы қатынастар Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін электрондық құжаттар алмасу жүйесі;

4) электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысуши (бұдан әрі – ЭҚЖ қатысуышысы) – электрондық құжаттарды жинау, өндеу, сақтау, беру, іздестіру және тарату процестеріне қатысатын жеке немесе заңды тұлға, мемлекеттік орган немесе лауазымды адам;

5) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;

6) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті – кез келген тұлғаға қолжетімді және электрондық құжаттағы электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын растауға арналған электрондық цифрлық нышандар дәйектілігі;

7) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып, электрондық цифрлық қолтаңбаны жасауға арналған электрондық цифрлық нышандар дәйектілігі.

3. Куәландыруши орталық өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2-тaraу. Куәландыруши орталықтың негізгі міндеттері мен функциялары

4. Куәландыруши орталықтың негізгі міндеті электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру, сондай-ақ тіркеу куәлігінің анықтығын растау болып табылады.

5. Куәландыруши орталық Заңға сәйкес өз құзыреті шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін заңсыз қол жеткізуден қорғау үшін шаралар қабылдай отырып, ЭҚЖ қатысушыларының өтініші бойынша электрондық цифрлық қолтаңбаның кілттерін жасау;

2) тіркеу куәліктерін беру, тіркеу, қайтарып алу, сақтау, тіркеу куәліктерінің тіркелімін жүргізу;

3) тіркеу куәліктерін қолдану қағидаларын бекіту;

4) қолданыстағы және кері қайтарып алғынған тіркеу куәліктерін есепке алууды жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1231 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13341 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруши орталығын, мемлекеттік органдардың куәландыруши орталығын, Қазақстан Республикасы ұлттық куәландыруши орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын қоспағанда, куәландыруши орталықтың тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларында белгіленген тәртіппен және және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 727 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12181 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруши орталығының, мемлекеттік органдардың куәландыруши орталығының және Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруши орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларына сәйкес куәландыруши орталық тіркеген электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау;

6) сақтауда тұрған ашық кілттердің және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерінің жоғалуын, модификациялануын, компрометациялануын, заңсыз пайдаланылуын және қолдан жасалуын болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қабылдау.

6. Тіркеу қуәлігін оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратпен бірге беру электрондық құжат нысанында жүзеге асырылады.

7. Заңның 5-бабының 13-3) тармақшасына сәйкес бекітілетін Куәландыруши орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау қағидаларына сәйкес қуәландыруши орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін сақтауға жол беріледі.

3-тaraу. Куәландыруши орталықтың қызметін тоқтату тәртібі

8. Өз қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда қуәландыруши орталық қызметі тоқтатылғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын ол қызмет көрсететін барлық ЭҚЖ қатысушыларын және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органды хабардар етуге міндettі.

9. Куәландыруши орталықтың қызметі тоқтатылған кезде, оларға берілген тіркеу қуәліктері және электрондық цифрлық қолтаңбаның тиісті кілттері тіркеу қуәліктерінің иелері туралы мәліметтер тіркеу қуәлігінің иесімен келісім бойынша басқа қуәландыруши орталықтарға тапсырылады.

10. Осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін басқа қуәландыруши орталықтарға берілмеген тіркеу қуәліктері мен электрондық цифрлық қолтаңбаның тиісті кілттері өз қолданысын тоқтатады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақталуы тиіс.